

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі



Республиканское государственное
учреждение «Казахская
национальная консерватория имени
Курмангазы»

Министерства культуры и
информации Республики Казахстан

ЕРЕЖЕ

ПОЛОЖЕНИЕ

2024 ж. 26 қыркүйек

күні

Алматы қ.

№ Ж-10/2-24

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрілігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңес шешімімен
ГК төрағасы

Г. Тасбергенова

2024 жылғы «26» қыркүйек
№ 2 хаттама

ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Дайындаған:			
Біліктілікті жоғарылату және қосымша білім беру бөлімінің басшысы		А.Н. Баймуканова	<u>24.09.24ж.</u>
Келісілді:			
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор		Г.Б. Әбдірахман	<u>24.09.24ж.</u>
Сапа менеджменті секторының басшысы		А.С. Сарымсакова	<u>24.09.24ж.</u>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші		О. Омарұлы	<u>24.09.24ж.</u>
Заң секторының басшысы		Д.Я. Мамедова	<u>24.09.24ж.</u>
Лауазымы	Қолы	АӨТ	Күні

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Біліктілікті арттыру білім беру бағдарламаларының мақсаттары.....	3
3. Педагогтардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламаларын әзірлеу	4
4. Білім беру бағдарламаларының құрылымы.....	4
5. Білім беру бағдарламасын бекіту процедурасы	6
6. Педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламаларын мақұлдау тәртібі	7
7. Педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламаларын курстарын талдау және жаңарту	8
8. Өзгерістер енгізу тәртібі.....	8
9. Қорытынды ережелер.....	8
10. Түзетулерді тіркеу парағы.....	10
11. Танысу парағы.....	11

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарындағы білім беру бағдарламалары туралы Ереже» (бұдан әрі - Ереже) өнер және мәдениет саласының педагогтарына арналып жасалған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінде біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, мақұлдау және бекіту ережелерін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (11.01.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы (01.01.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
- Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу ережелері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген;
- Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарындағы білім беру бағдарламаларын әзірлеу, мақұлдау және бекіту ережелері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген.

1.3 Бұл Ереже біліктілігін арттыру курстарындағы оқу бағдарламаларын әзірлеушілерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында әзірленді.

1.4 Біліктілікті арттыру бағдарламаларын үйлестіру, әзірлеу, мақұлдау және жүзеге асыру жауапкершілігі Консерваторияның Біліктілікті арттыру бөліміне (бұдан әрі - Бөлім) жүктеледі.

2. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТЫ

2.1 Біліктілікті арттыру (БА) білім беру бағдарламаларының мақсаты:

- Кәсіби білімді жаңарту және кеңейту;
- Кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту;
- Білім беру ортасындағы өзгерістерге дайындау;
- Педагогикалық этика мен мәдениеттің деңгейін көтеру;
- Педагогтардың жеке қажеттіліктерін қолдау;
- Білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын нығайту.

2.2 Бағдарламалар төмендегі құзыреттіліктер, білімдер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСАРЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11 беттің 3 беті

- Кәсіби және/немесе педагогикалық қызметті тиімді орындау;
- Инновациялық әдістер мен технологияларды меңгеру, қазіргі заманғы оқыту тәсілдері;
- Жаңашыл ойлау мен шығармашылық тәсілді кәсіби міндеттерді шешуге дамыту;
- Өзінің кәсіби саласындағы білімді үнемі жетілдіру.

3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ

3.1 Консерваторияның БА бағдарламалары музыкалық және көркемөнер мектептерінің, шығармашылық студиялардың, өнер мектептерінің, музыкалық және көркемөнер колледждерінің, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (ЖООКББ) және шығармашылық бағыттағы басқа оқу орындары педагогтарының қажеттіліктерін талдау негізінде әзірленеді.

3.2 Қажетті сапалық және сандық деректерді жинау үшін Бөлім педагогтар арасында сауалнама жүргізіп, сұхбаттасу өткізеді, бұл бағдарламалардың мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді.

3.3 Педагогтардың қажеттіліктерін талдау нәтижелері хаттамалық шешім түрінде рәсімделіп, оған талдау жүргізген мамандар мен Консерватория ректоры қол қояды.

3.4 Хаттама мен академиялық мәселелер жөніндегі проректор немесе Бөлім жетекшісінің қызметтік хаты негізінде Консерватория ректоры бағдарламаларды әзірлеудің мерзімдерін, атауын, ұзақтығын және білім беру формасын анықтайтын бұйрық шығарады.

3.5 БА оқу бағдарламасы Консерватория оқытушылары тарапынан білім саласындағы уәкілетті органның талаптарына сәйкес, мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін, еңбек нарығының талаптарын және кәсіби стандарттарды ескере отырып әзірленеді, жаңартылады және жүзеге асырылады.

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 Бағдарлама келесі бөлімдерден тұрады:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) сөз тізбек;
- 3) бағдарламаның тематикасы;
- 4) бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) оқу үдерісін ұйымдастыру;
- 7) бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) оқыту нәтижелерін бағалау;
- 9) курстан кейінгі сүйемелдеу;

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ		11 беттің 4 беті

10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

4.2 «Жалпы ережелер» бөлімінде Бағдарламаның өзектілігі және оның мәдениет пен өнер саласындағы жалпы мемлекеттік басымдықтармен байланысын, кәсіби шығармашылық кадрларды даярлау саласындағы әлемдік үрдістерді ашады.

4.3 «Сөз тізбек» бөлімінде Бағдарламада қолданылатын терминдер, олардың өзектілігі және айқындылығы беріледі.

4.4 «Бағдарламаның тематикасы» бөлімінде Бағдарламаның жаңашылдығы дәрежесі, білім беру жүйесінде аналогтардың бар/жоқтығы талданады.

4.5 «Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері» бөлімінде Бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығы, оқыту нәтижелерінің педагогтардың жұмыс тәжірибесіне әсері сипатталады.

4.6 «Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны» бөлімінде Бағдарламаның жоспары, күтілетін нәтижелердің мақсаттар мен міндеттермен байланысы сипатталады.

4.7 «Оқу үдерісін ұйымдастыру» бөлімінде оқу процесінің форматы, сағат саны және оқу түрлері сипатталады.

4.8 «Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімінде Бағдарламаны жүзеге асыруға арналған дидактикалық тәсіл, теориялық материалдар, оқу материалын меңгеруге арналған тапсырмалар, өз өзін бағалау критерийлері сипатталады.

4.9 «Оқыту нәтижелерін бағалау» бөлімінде оқыту нәтижелерін бағалаудың тиімді әдістері пән саласының ерекшеліктеріне сәйкес көрсетіледі.

4.10 «Курстан кейінгі сүйемелдеу» бөлімінде курстан кейінгі сүйемелдеудің форматы, түрлері мен әдістері сипатталады.

4.11 «Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі» бөлімінде соңғы 5 жылда шыққан отандық және шетелдік басылымдар қамтылады.

4.12 Бағдарлама титул парағымен рәсімделеді, онда оқу-әдістемелік кеңестің (ОӘК) Консерваториясында өткен мәжіліс күнінің және сол мәжілісте бекітілген/келісуге ұсынылған құжат туралы шешім көрсетіледі. Құжат академиялық мәселелер жөніндегі проректормен қол қойылып, мөрмен бекітіледі.

4.13 Титул парағы (қосымша) келесі мәліметтерді қамтиды:

- Консерваторияның толық атауы;
- Бағдарламаның атауы;
- Әзірлеуші туралы деректер (Т.А.Ә., дәрежесі, ғылыми және/немесе құрметті атағы және/немесе біліктілік санаты).

4.14 Бағдарламаның мәтіні келесі параметрлерге сай басылады:

- Шрифт «Times New Roman», кегель өлшемі 14;
- Жол аралығы – біреулік;
- Абзацтық шегініс (бірінші жолдың шегінісі) – 1,25 сантиметр;

- Шеттері: сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см, үсті мен астыңғы жағы – 2,5 см.

5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БЕКІТУ ПРОЦЕДУРАСЫ

5.1 Әзірленген Бағдарлама кафедра мәжілісінде талқыланып, ҒӘК-ке бекіту үшін ұсынылады.

5.2 Бағдарлама жобасының мәтіні және кафедра мәжілісінің хаттамасы Бөлімге тапсырылады.

5.3 Бағдарлама міндетті түрде Бөлім ұйымдастыратын сараптамадан өтеді.

5.4 Бағдарламаны сараптау үшін Консерватория ректорының бұйрығымен үш жыл мерзімге Сараптамалық комиссия құрылады.

5.5 Сараптамалық комиссия құрамына ғылыми дәрежесі мен атағы бар үш-бес Консерватория оқытушысы кіреді.

5.6 Сараптамалық комиссияның төрағасы академиялық мәселелер жөніндегі проректор, ал хатшысы – Бөлім қызметкері болады. Хатшы комиссия мүшесі болмауы мүмкін.

5.7 Сараптамалық комиссияның шешімі хаттамалық түрде ресімделеді, оны барлық комиссия мүшелері қол қояды.

5.8 Сараптамалық комиссияның шешімі бойынша Бағдарлама келесі жағдайларда болады:

- бекітуге ұсынылады;
- қайта өңдеуге жіберіледі;
- бекітуге ұсынылмайды.

5.9 Сараптамалық комиссияның бекітуге ұсынылған қайта өңделген Бағдарламасы Консерваторияның ресми сайтында қоғамдық талқылауға орналастырылады. Қоғамдық талқылаудың мерзімі сайтқа жобаны орналастырған күннен бастап он жұмыс күн.

5.10 Консерватория қызметкерлері өз ескертулері мен ұсыныстарын сайттағы пікірлерде қалдыра алады немесе оларды Бөлімнің корпоративтік поштасына жібере алады.

5.11 Талқылау аяқталған соң, Бағдарлама әзірлеушісі жауап беріп, қандай ескертулер мен ұсыныстар ескерілгенін, ал қандайлары қабылданбағанын және сәйкес түсініктемелерді көрсетеді. Жауап Консерватория сайтында жарияланады.

5.12 Қоғамдық талқылау аяқталғаннан кейін Бағдарлама ҒӘК-ке бекітуге немесе ҚР Мәдениет министрлігінде мақұлданып, ол педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының оқу бағдарламаларының Реестріне (бұдан әрі – Реестр) енгізу мақсатында жүзеге асырылады.

5.13 ҒӘК-те бекітілген Бағдарлама Консерваторияның жүзеге асырылатын оқу бағдарламалары тізіміне енгізіледі.

6. ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН МАҚҰЛДАУ ТІРТІБІ

6.1 Бағдарламаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (БҒМ) құратын педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының оқу бағдарламалары Реестріне енгізу үшін Бағдарлама жобасы БҒМ-не мақұлдау үшін жіберіледі.

6.2 Бағдарламаны БҒМ-де мақұлдау үшін мынадай құжаттар электронды формада жіберіледі:

- 1) консерваторияның ресми бланкісінде жазылған ілеспе хат;
- 2) бағдарламаның жобасы;
- 3) Ереженің 3.3-пунктіне сәйкес хаттаманың көшірмесі;
- 4) Ереженің 3.4-пунктіне сәйкес ректор бұйрығының көшірмесі;
- 5) Консерваторияның ресми сайтында қоғамдық талқылау үшін жарияланған бағдарлама жобасына активті сілтеме.

6.3 БҒМ құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды педагогтерді біліктілігін арттыру курстарының оқу бағдарламаларын сараптау үшін құрылған БҒМ Сараптамалық кеңесіне жібереді.

6.4 Бағдарлама жобасын Сараптамалық кеңес қарастыру мерзімі – 15 жұмыс күні.

6.5 Бағдарлама жобасын қарастыру нәтижесінде Сараптамалық кеңес сараптамалық қорытынды дайындайды және оны БҒМ мен Консерваторияға жібереді.

6.6 Сараптамалық қорытындыда келесі шешімдердің бірі болуы керек:

- бағдарламаны мақұлдау;
- бағдарламаны қайта өңдеуге жіберу;
- Бағдарламаны келісуден бас тарту.

6.7 Консерватория қайта өңдеуге жіберілген Бағдарламаға түзетулер енгізіп, сараптамалық қорытындыны ресми алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде құжаттарды БҒМ-ге қайта келісуге жібереді.

6.8 Егер сараптамалық қорытынды бойынша бағдарламаны мақұлдаудан бас тартылса, Бағдарламаның жобасы Ереже талаптарына сәйкес жаңадан әзірленеді.

6.9 Бағдарлама БҒМ Сараптамалық кеңесінің келісімі туралы шешімді алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Консерватория ректорының бұйрығымен бекітіледі.

6.10 Сараптамалық кеңестен мақұлданған Бағдарлама Реестрге енгізіледі.

6.11 Реестр БҒМ сайтында орналастырылады және онда білім беру бағдарламаларының атауы, Бағдарламаларды әзірлеген ұйым (Консерватория) атауы, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының мақұлданған күні көрсетіледі.

7. ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛКІТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАҢАРТУ

7.1 Бекітілген Бағдарламаларды қайта қарау кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.

7.2 Бекітілген Бағдарламалардың тиімділігі мен өзектілігін арттыру мақсатында қайта қарау үшін Консерватория:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді талдайды;
- білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу нәтижелерін бағалап, оларды хаттамалық түрде рәсімдейді;
- бағдарламаны қайта қарау (жаңарту немесе жою) қажеттілігі туралы шешім қабылдайды және бұл шешімді оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың бұйрығымен бекітеді.

7.3 Қайта қарау (жаңарту) туралы шешім қабылданған Бағдарлама осы Ереженің талаптарына сәйкес бекіту және мақұлдау рәсімінен өтеді.

8. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Осы Қағидаларды өзгерту жөніндегі ұсыныстар Ғылыми кеңестің отырысында талқыланады және көпшілік дауыспен қабылданады немесе жойылады (отырысқа қатысып отырған ҚК мүшелері санының кемінде 2/3 дауысы).

8.2 Қағидаға өзгерістер енгізу консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша ғана оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен келісілген біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімі басшысының қызметтік хаты негізінде жүргізіледі.

8.3 Қағидаға өзгерістер енгізу «Өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті белгісі бар СМЖ талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8.4 Қағидадағы өзгерістер туралы хабарламалар барлық кафедраларға және консерваторияның жауапты құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

8.5 Осы Қағида қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

8.6 Қағидалардың түпнұсқасы «Құжаттамалық қамтамасыз ету» бөлімінде сақталады, ал оның сканерленген көшірмесі консерваторияның ресми сайтындағы БЖЖҚББ тиісті жұмысындағы бөлімде ілінеді.

8.7 Қағиданың даналарын консерваторияның құрылымдық бөлімшелері бойынша таратуды БЖЖҚББ жүзеге асырады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Осы Ереж бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңа Ереже қабылданғанға дейін күшінде болады.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛКІТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

11 беттің 8 беті

9.2 Ережеге түзетулер мен толықтырулар Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес енгізе алады.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

11 беттің 9 беті

ТҮЗЕТУЛЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркелген күні	Түзетулер	Қолы
1	2	3	4

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ п/п	Құжатпен танысқан тұлғаның А.Ә.Т.	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

11 беттің 11 беті